

ӘӨЖ 82-311.6

Б.Ж. Сарыбаева, филология ғылымдарының кандидаты,

Б.Ж. Карменова,

Инновациялық Еуразия университеті (Павлодар қ.)

### Ұлттық мінез және оның мәдениаралық коммуникациядағы орны

*Аңдатпа.* Аталмыш мақалада ұлттық мінез түсінігі жан-жақты қарастырылып, оның лингвистикадағы, жалпы қоғамдағы мазмұны, орны айқындалады. Сондай-ақ ұлттық бейнемізді ашатын түрлі тілдік бірліктермен байланысы ашылып, ұлт өміріндегі маңызы алға тартылады. Осыларды негізге ала отырыа ұлттық мінездің мәдениаралық қарым-қатынастағы орны, рөлі анықталады.

*Түйін сөздер:* ұлттық мінез, ұлттық бейне, мәдениаралық қарым-қатынас.

Ұлттың рухани күй-жайы, адамзатқа тән құбылыстары ұлттық мінез арқылы көрініс табатындығы белгілі.

«Ортақ шаруашылық, табиғи, әлеуметтік-саяси кеңістік, тіл, тарих, салт, тағдыр негізінде белгілі бір ұлтқа тән тұрақты психологиялық мінез-құлық, жан-дүние қалыптасады. Оларды жалпы адамзаттық қасиеттердің ұлттық түрі деп қараған шындыққа жақын. Барша адамзатқа тән құндылықтар (мақтаным, еңбекқорлық, әзіл-оспақ, қуаныш-қайғы) ұлттық болмысқа сәйкес алуан түрленеді» [1, Б. 24] – деп «Ұлттану» атты еңбегінде профессор Амангелді Айталы дөп басып айтып өтеді.

Ұлттық мінезі – оның басқалардан бөлек қайталанбайтын ерекшеліктерінен гөрі дәстүр, мінез-құлықтың бір ұлттың бойында қайталанбастай үйлесуінде. Бұл жайында зерттегендер де, айтқандар да көп. Жаңалық ашпайтындығымыз айдан анық. Дегенмен де, тұжырымдап, саралап, ойға ой түйсек деген игі ниетіміз бар.

Дара ұлттың даралығын көрсетіп, ұлтының бейнесін жасап, тек ішкі сезім мен түйсік арқылы көрініс табатын, бір-бірінен ажыратуға келмейтін, «ұлттық мінез» жайында сөз қозғағанда назардан тыс қалуына болмайтын, сабақтасқан, сараласқан тіл саласында түбі бір ұлт бейнесін жасайтын көптеген ұғымдар бар. Мәселен, ұлттық стереотип, этноним, мәдениет, сана-сезім, таным, салт-дәстүр, наным-сенімдер т.б. міне осы ұғымдар тұтас бір ұлттың мінезін ашып, өзгеге ұқсамайтын бейнесін жасайды. Ал осы құндылықтардың құндылы – сол біздің қастерлі де қадірлі тіліміз.

«...әр тіл – өз бойында ұлт тарихын, төл мәдениетін, танымы мен талғамын, мінезі мен санасын, кәсібі мен салтын, дәстүрі мен даналығын тұтастыққа сақтаған таңбалық жүйе. Осындай мазмұнды құрылымына сәйкес ол жай таңбалық жүйе емес, мәдениет» [2, б. 90] деп тіл мен мәдениеттің ұшы – қиыры бір екендігін тілші Ж.А. Манкеева атап өтеді. Осыдан кез – келген туындыны зерттегенде одан барша ұлт ерекшелігі, танымы, салт – санасының иісі аңқып тұруы керек деген ойға келеміз. Себебі, тілдің мәдени негіздері жоғарыда аталып өткен құндылықтармен дамиды және тілдік мұралардың, ұлт мәдениетінде жатқан ерекшеліктердің тұтас ұлттық бейнесін жасайды.

Ұлттық тіл – ұлттың мінездің айнасы, бірден-бір ажырамас бейнесі. Қандай да бір ұлттық туындыны алсақ, ұлтымыздың танымы, ерекше психологиясының иісі, менталитеті тізіліп ап-анық болып жадымызда да, көз алдымызда да қалыптасып шығады. Міне, ұлттық мінездің пайда болуы осыдан бастау алады. Себебі, қанымызға сіңген, атамыздан дарыған салт-сана, мінез-құлық тіліміз арқылы жетпей қайтсін?

Мәдениеттің көне жаңасын, мәдениеттің арғы бергі тарихын сөйлетуші де жеткізуші де тек ана тілдің құдіретімен танылатынын американдық ғалым Э.Сепир: «Тілдің бір тұғыры бар. Ол мәдениеттен тыс өмір сүрмейді. Ол дәстүр болып жалғасқан біздің тыныс тіршілігіміз мүлде қабысып кеткен салт – дәстүр мен наным – сенімдерден арыла алмайды. Тілдегі лексика өзі қызмет етіп отырған мәдениетті өз қалпында көрсетеді. Ол тұрғыдан алғанда тілдің тарихы мен мәдениет тарихы жапсарлас дамиды деуге болады» деп анықтай келе, әр халықтың *танымдық ерекшелігі* тек тілінің табиғатынан танылатынын көрсетіп дәлелдейді» [3, Б. 8].

Тарихты барлап, бүгінгімен байланыстырып қарасақ, бір ұлт, бір халық болғанға дейін түрлі этникалық топтардың өзінде ерекше мінезі, ортақ ұқсастықтары болған. Бүгінде олар тұтас қазақ деген халықтың ұлттық мінезін қалыптастырып отыр. Әрине, жоғарыда айтып өткеніміздей, ол ұлттық тіл арқылы жүректен - жүрекке, ойдан ойға, санадан санаға жетіп отыр.

Қазақ тілінде этнонимдерден яғни ру-тайпа атауларынан қалыптасқан көптеген тұрақты тіркестер бар. Олар ұлттық құндылықтарды бойына жинақтаған тілдік қорды байытуға өзіндік үлес қосатын, көркемдігімен, бағалауыштық, ақпараттылық сипаттарымен көзге түсетін ерекше тілдік бірліктер болып табылады.

Қазақ тілінде этнонимдерден болған тұрақты тіркестерден, мақал мәтелдерден сол ұлт, этникалық топ өкілдеріне тән мінез-құлықтық т.б. сипаттар анық көрінеді. Мысалы: отын таусылса тоғай бар, мал таусылса Мамай бар; божбаннан жегжатың болса, қарның ашпас; қымыз ішсең, Қызайға барып іш , жәдік, жәңгікей кісі өлтірсе, қарақас, молқы құн төлейді; шақырмаған тойға бір үйлік мұрын келеді т.б.

Әр рудың өзіне ғана тән, ел арасында орныққан мінез-құлық ерекшелігі осындай этнонимдер қатысқан тұрақты тіркестерде беріледі. Мысалы, қисая қалса, қыржы болғаны қыржының қыңырлығын, Садырмысың, мінезің шадырмысың? мәтелі садыр руының мінез-құлқын аңғартса, Тұз еккен Малтүгел; үйдегі өгіз бұзаулапты – деген Малтүгел. Құлақай қу деген қолданыстар мал түгел руының аңқаулығын, сенгіштігін білдіреді, құлақайдың қулығын аңғартады. Мұндай тілдік қолданыстар ұлттық дүниетаным, болмысы, ұлт менталитеті, мәдениетінен ақпарат береді. Бұл тілдік бірліктер этнотанымдық, этнологиялық, этнолингвистикалық белгілерімен ерекшеленеді және белгілі бір тарихи-әлеуметтік жағдаяттарды тілдік дереккөз ретінде көрсете алады.

Ғасырлар бойы қалыптасып бір арнаға тоғысқан қанша азаматтарға ортақ ұлт деген ұғым бар. Және тек сол ұлтқа ғана тән ұлттық мінез, ұлттық стереотип, ұлттық менталитет, ұлттық психология деген ұғымдар бар. Осы ұлттық ерекшеліктердің көрінісі арқылы ұлт жайында түсінік қалыптасады. Яғни қарым-қатынас барысында ұлттық мінез елдің жеке даралығын ғана көрсетіп қоймай, елдің туа, тарихи сара жолында бойына сіңген сол халық жайындағы стереотипті қалыптастырады. Бұл қарым – қатынасқа түскен өзге мәдениет өкілдерінің дұрыс қарым-қатынаста болуына ықпал етеді.

Ұлттық стереотип белгілі бір ұлттың ұлттық ерекшеліктерін қамтыса, этномәдени стереотиптер қандай да бір халықтың мәдениетіндегі өзгешеліктерді бейнелейді: қазақтар үшін бас ақын Абай болса, орыстар үшін Пушкин, немістер үшін Гете, Тау халқы үшін Расул т.б.)

Ұлттық стереотип – әлдебір халықты сипаттайтын мінездер туралы қалыптасқан түсінік. Қазақтың кеңпейіл қонақжайлылығы, немістің ұқыптылығы, орыстың тәуекелшілдігі, қытайдың рәсімшілдігі, африкандық темперамент, италияндықтардың қызбалығы, финдердің бірбеткейлігі, эстондықтардың жайбарақаттылығы, поляктың сыпайылығы – тұтас халық туралы стереотипті түсінік, ол сол ұлттың әр адамына телінеді.

Этномәдени стереотиптерді зерделейтін этникалық психология мамандары экономикалық дамуы жоғары деңгейде тұрған ұлтқа ақыл, іскерлік, ал экономикасы кешеуілдеу ұлтқа қайырымдылық, жанашырлық, қонақжайлылық сияқты мінездердің тән екенін атап көрсетеді. С.Г. Тер-Минасованың зерттеулері соған дәлел [4, Б. 16].

«Ұлт», «ұлттық мінез» – аса бай, мағыналы, қоғамдық өмірдегі рөлі кең сөздер емес пе түбінде. Осы жайында профессор Амангелді Айталы жоғарыда аталған еңбегінде былай деп жазады: «Ұлтты біріктіретін де, ұлтты ұлттан айыратын да белгі – ұлттық сана сезім. Ол «біз» және «олар» деген әлеуметтік-психологиялық терен тамырлы, келелі құбылысқа негізделген» [1, Б. 25].

«Біз өзімізді өзіміз басқалар арқылы таныдық», – деп Олжас Сүлейменов жазғандай, «бізді» «олардан» айырып, «бізді» «оларға» қарсы қою, салыстыру арқылы ұлттық сана, ұлттық мінез қалыптасады. Қаз дауысты Қазыбек би қалмақтың тәкаппар Қоңтажы ханына қазақты таныстырған сөзін: «Біз, қазақ деген, мал баққан елміз, бірақ ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз» - деп бастаған. Саналы түрде өзін өзгемен салыстыра келіп, ғасырлар бойы айта қаларлықтай өзіндік тарихи құндылықтардың негізінде ұлттық психология қалыптасады.

Өзін өзгеден айыру мен қауымдастықтың, үйірлік психологияның тамыры ру, тайпалық дәуірден басталатындығын жоғарыда ашып айттық. Тарихтар тоғысында мәдениаралық қарым-қатынас әртүрлі деңгейде болоды. Сол кезеңдерде ұлттарды қарама-қарсы қою, салыстыру кейде әдейі, кейде өзінен-өзі, бірте-бірте ұлт санға-сезімінде этноцентризм сияқты психологиялық құбылыстар орнатады. Оның мәні – басқа ұлттардың құндылықтарын өз ұлтының үлгісімен өлшеп, барлық жағынан өз ұлтын жағымды, жақсы жағынан көрсетіп, өзгелерден артықшылығын паш ету. Бұл – барша ұлтқа тән құбылыс.

Енді өзіміздің қазағымыздың жайын осы аспектіде салыстыра зерттейік. Қазақтың күй-жайын, болмысын, мінезін Абайдан артық кім тізе алған?! Оның бұл саладағы шығармалары парша-паршасына шығарылып ақтарылып, зерттелсе де, сөзге тиек етпей кете алмаймыз.

Өзінің «екінші қара сөзінде» ұлтқа тән мінездің екіжақтылығы жайында сөз саптап, ой бөліседі. «Қазақ сартты көрсе, «ененді ұрайын кең қолтық, шүлдіреген тәжік, арқадан үй төбесіне саламын деп камыс артқан, бұтадан қорыққан, көз көренде «әке-үке» десіп, шығып кетсе, қызын боқтасқан, «сарт-сұрт» деген осы» десе, ноғайды көрсе «түкке ыңғайы келмейтұғын, солдат ноғай, қашқын ноғай, бакалшік ноғай» десе, орысқа «ауылды көрсе шапқан, жаман сасыр бас орыс» деп мазактаған» – деп, кішкентай кезінен бастап құлақ қағыс болып жүрген осы ұлттарға тағылған жағымсыз стереотиптермен бөліседі. Сондағысы «сарттың екпеген егіні жоқ, саудагерінің жүрмеген жері жоқ, қылмаған шеберлігі жоқ. Үлкен байлар да, үлкен молдалар да, ептілік, қырмызылық, сыпайылық – бәрі орыстарда. Ноғайға қарасам, солдаттыққа да шыдайды, молда, медресе сақтап, дін күтуге де шыдайды» [5, Б. 1–2] – деп ұлттарға тән мінез-құлық әрдайым шындыққа жанаспауы да мүмкін екенін айтады. Әрине, жағымсыз түсініктен арылу оңайға соқпайды. Мүмкін сол кездегі саяси-әлеуметтік жағдай, тұрмыс-тіршілік, ұлттар арасындағы қарым-қатынас деңгейі, әсіресе отарлау саясаты осындай ойлардың қалыптасуына жол ашты. Әсіресе, ру аралық бөлінісу, рушылдық өріс алған заманда ұлттық мінез емес, рулық мінез қалыптасқан сияқты. Тұтас ұлт жолының қалыптасуына да осы кедергі болғандығы анық. Бұған да сөз басында мысал келтірген болатынбыз.

Енді тәуелсіздік таңы атып, қарасы қараланып, ағы ағарып, бары базар болып, таза ұлттық мінез қалыптасқан заманда, өз еңсеміз өзгеден биік заманда, ескі мінезіміз толастап, ширап, дамып, жетер

жеріне жеткен заманда нағыз қалыптасқан, сонау 550 жылдық тарихы бар ұлттық мінез-құлқымыздың бүгінгі жайы қандай, өзге мәдениет өркениеттерімен қарым – қатынас жасаудағы орны қандай?

Қазақ деп жар салғанда, өзге ұлттар танымында қандай ой туады бүгінде. Талай хабарларды көрсек, мақтайды біздерді. Сол баяғы қонақжайлық, мейірімділік, бауырмалдылық ұлтымыздың айналасынан алшақтаған емес. Сол себепті де, ұлттар арасындағы қарым-қатынас ұлғайып жаңа өріс, жаңа бағыт алуда. Қазақ қазақтығын сақтап талай рет саяси аренада өз орнын көрсете білді. Ол бүгінгінің пікірі. Соңғы кезде болып жатқан ұлтаралық дау-дамайларды шешуде де, Қазақстан Президентінің бастаулары басты назарда. Қанымызға сіңген сөз құдіреті арқылы біз бейбітшілікке қол жеткізудеміз. Бұл – қазақи мінез, қазақи сананың аса бай жетістігі. Әрине, басқа ұлттар қазақ жайында жақсы пікірде болғанын кім қаламасын, ол бейбіт болашақтың, талай саяси-экономикалық істердің кілті емес пе? Десек те, Абай Құнанбаев қазақтың бойынан тапқан өтірікшілдік, бейғамдық, мылжындық, мақтаншақтық, шартты ержүректілік т.б. қырсық мінездер, ұлттық мінезіміздің бейнесі болмаса деп тілейміз. Заманауи кезеңде, озық технологиялар мен жаңалықтар кезеңінде ұлтымызға тек еңбекқорлық, шапшаңдылық, сөз ермеушілік, достық, шынайылық т.б. сияқты жағымды мінездер ғана жұғысты болса игі. Халқымыздың жақсы мінездері жайында орыс ғалымы Шербина ХХ ғасырдың басында былай деп жазады: «Дін жағынан қарағанда фанатик емес, діндар; сауда-экономикалық салаларда адал және сөзіне берік; ақыл-парасаты жағынан алғыр, әрі білуге құштар; қазақтар өте-мөте анықтылығымен айырықшаланады: араққорлық мүлдем жоқ, есірткі-сусындарға құмар емес, балаларды жақсы көреді: қарым-қатынаста өте қарапайым; үлкендерді халықтың ең таңдаулы өкілдері ретінде сыйлайды; қазақтар табиғат құшағында болғандықтан, табиғат сүйгіш; қазақ – табиғатынан ақын халық, дене бітімінде қазақ дені сау, шымыр келеді, бейбітсүйгіш, соғысты қаламайтын халық» [1, Б. 36].

Ұлтымыздың жанына үңіліп қазағымыздың мінезін жол-жолдарға тізбектеп өрнектеп берді. Заман желі ұлттық мінез құлқымызды жаңартты да, жаңғыртты да. Талай психологиялық ерекшеліктеріміз тарих көшінде қалса да, ұлтымыздың аты аталғанда бір жұдырықтай ой түйерлік ұлттық мінезіміз бар екендігіне көз жеткіздік.

Тұтас қазақ елінің ара жігін ашып, ру аралық мінез турасында қарамауымыз керек. Себебі тайпа, ру одан халық болып жұмылған қазақ елін осы этникалық топтар құрады. Сондықтан да, қазіргі мәдениаралық коммуникацияда ұлттық мінездеріміздің толығып, жағымды стереотипке айналуы тарих еншісінде болды. Бір руға тән ерекшелік – тұтас халықтың ерекшелігі. Бейбіт кезеңде, сыйластық өрбіген заманда ұлтаралық қарым-қатынас тек халық үшін жасалған игі істердің бастауы, кепілі болуы қажет. Әрине, бір елдің мінезі, келесі ұлттың мінезінен өзгеше. Сол себепті де, біреулер жауласса, біреуіміз тату жол іздейміз. Осы орайда елдер арасындағы қарым-қатынас деңгейі де өзгеше. Әр басшы тарихтан сабақ алады, ой түйеді. Сан жылдар бойында қалыптасқан ұлттық мінез қарым-қатынас жасауда зор орын алады.

Бүгінгі күні еліміздің экономикалық өрістеуі адамдар санасындағы өзгерістермен, қоғамның рухани және психологиялық нысаналарынан жаңарумен байланысты кертартпа ескішіл өмір салтынан белсенді түрде даму жолына түсу – мәдениаралық қатынастарды жақсартудың ең маңызды беталысы. Жаңа заман талабына сай бейімделу икемділікті, оралымдылықты, ұлттың жан-дүниесін жаңартуды талап етеді. Ұлтымыз жайында тек түзу, шынайы пікір қалыптасып, талай-талай игі қарым-қатынастардың нәтижесін көретін боламыз. Себебі ұлтқа тән мінез, оның ішінде, қазағымызға тән жағымды мінездер сенімді мәдениаралық қарым-қатынастарға жол ашты. Қазақ қазақтығын мойындатты.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Амангелді А. «Ұлттану» (Оқу құралы). 2-ші басылым – Алматы: Арыс баспасы, 2003 – 226 б.
2. Манкеева Ж.А. Қ.Жұбановтың ғылыми мұраларының академиялық танымы хақында// «Жұбанов тағылымы» VI Халықаралық ғылыми теор. Конференция материалдары. Ақтөбе – 2005. – 530 б.
3. Балақаев М. Тіл мәдениеті және қазақ тілін үйрету – Алматы: Мектеп баспасы, 1989
4. Тер-Минасова С.Г. Язык и межкультурная коммуникация. Москва, «Слово» баспасы, 2000 – 624 б.
5. Құнанбаев А. Қара сөз. Семей, 2001 – 264 б.

## REFERENCES

1. Amangeldi A. «Ylttanu» (Oku kyraly). 2-shi basylym – Almaty: Arys baspasy, 2003 – 226 b.
2. Mankeyeva Zh.A. K.Zhybanovtyn ғылыми мұраларының академиялық танымы хақында// «Zhybanov taғыlymy» VI Khalykaralyk ғылыми теор. Konferentsiya materialdary. Aktobe – 2005 – 530 b.
3. Balakayev M. Til madeniyeti zhane kazak tilin үyretu – Almaty: Mektep baspasy, 1989
4. Ter-Minasova S.G. Yazyk i mezhkul'turnaya kommunikatsiya. Moskva, «Slovo» baspasy, 2000. – 624 b.
5. Kynanbayev A. Kara soz. Semey, 2001 – 264 b.

**АННОТАЦИЯ**

**Б.Ж. Сарыбаева**, филология ғылымдарының кандидаты,  
**Б.Ж. Карменова**,  
Инновационный Евразийский университет (г. Павлодар)

***Национальный характер и его место в межкультурной коммуникации***

*Каждый народ обладает определенной самобытностью. Это не только национальный язык, традиции и одежда. Это и образ мышления, национальный характер присущий данному народу. Исследовав вышесказанное в данной работе мы определили роль национального характера в межкультурной коммуникации.*

**Ключевые слова:** национальная самобытность, национальный характер, межкультурная коммуникация.

**RESUME**

**B.Zh. Sarybaeva**, candidate of Philological Sciences,  
**B.Zh. Karmenova**,  
Innovative University of Eurasia (Pavlodar)

***National character and its place in intercultural communication***

*Each people has a certain identity. It is not only the national language, traditions and clothing. This is a way of thinking, a national character inherent in this people. Examining the mentioned above in this paper, we have determined the role of the national character in intercultural communication.*

**Key words:** national identity, national character, intercultural communication.